



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

«Аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс».

Жалпы қортындылай келе, біздің елімізде жасанды химиялық қоспалармен өнім шығару әлі қалыптаса қойған жоқ. Білетініміз, Қазақстан күні бүгінге дейін, негізінен, өз астығын, өз күрішін, өзінің ет-сүтін пайдаланып келеді. Міне, осы ретте Қазақстанды қарқынды дамытудың басты жолы – елімізде экологиялық таза, табиғи өнімдерді көптеп шығару екені анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сигарев М.И., Сыздықов Б.Ш. Развитие экономики аграрного сектора Казахстана //Концепции, механизмы, перспективы. - Алматы: Кайнар, 2010.
2. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” атты Қазақстан халқына Жолдауы [Электрондық ресурс].-2018.- URL: <http://stan.kz/kazakhstan-prezidentinin-khalykka-zhol/> (дата обращения: 19.03.2018).
3. Развитие органического сельского хозяйства в мире и Казахстане/В.В. Григорук, Е.В. Климов.- Анкара, 2016.-151стр.
4. Қазақстан қоспасыз, химиясыз экологиялық таза өнім шығаратын ел ретінде әлемді жаулауы керек[Электрондық ресурс].-2016.- URL: <http://kaztrk.kz/> (дата обращения: 15.03.2018).
5. ҚР Үкіметі АӨК-тегі экспорттық саясатты іске асырудың жол картасын әзірледі [Электрондық ресурс].-2017.- URL: <https://primeminister.kz> (дата обращения: 04.03.2018).
6. Ирина Якунина. Китай готов приобретать казахстанские экологические чистые сельхозпродукты [Электрондық ресурс].-2016.- URL: <http://www.zakon.kz/4788499-kitajj-gotov-priobretat-kazakhstanskije.html> (дата обращения: 07.03.2018).

ӘОЖ 338.242

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ – ЭКОНОМИКА ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Есболғанова Аружан Нұғманқызы
aruka-com@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Ақпараттандыру және басқару мамандығының 1-курс студенті
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Карипова А.Т.

Экономикасы нарықтық бағытқа бет алған Қазақстан үшін кәсіпкерлікті дамыту мәселесі – өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені, нарықтық экономиканың өзі – кәсіпкерлік экономика. Кәсіпкерлікті дамыту – нарықтық дамудың кепілі. Сондықтан да, кәсіпкерлік төңірегіндегі көптеген мәселелердің көтеріліп жатуы да оның экономикадағы рөлінің өте маңыздылығын дәлелдейді. Қазақстан Республикасы Конституциясында былай деп жазылған: «Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар» [1].

2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған Нұрсұлтан Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” атты Жолдауында: «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының бизнесті үйрету жөніндегі жұмыстары қолдауға тұрарлық. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында оның құралдарын нығайта отырып, халықтың осы санаттарын кеңінен

тарту қажет. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды тіркеу үдерісін мейлінше жеңілдетіп, оларға мемлекет алдындағы міндеттерін адал атқару тиімді болатындай жағдай туғызу қажет» деп айтуы кәсіпкерліктің дамуына жаңа серпін береді [2]. Осыған байланысты Үкіметке кәсіпкерлікті дамыту жөнінен шаралар кешенін әзірлеу тапсырылды.

Алайда, Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерліктің дамуына кедергі болатын проблемалар жетерлік, атап айтсақ:

- мемлекеттен бөлінген қаржылардың уақытылы берілмеуі мен мақсатсыз пайдаланылуы;
- кәсіпкерлік субъектілерін анықтау проблемалары;
- мемлекеттік тексерулердің көптігі мен заң бұзушылықтар ;
- әкімшілік тосқауылдар мен сыбайлас жемқорлық;
- кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының әлсіз және жарым-жартылай дамуы;
- шағын және орта бизнес өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі;
- қаржы ресурстарына қол жеткізу мүмкіндігінің болмауы және т.б.

Осы айтылған мәселелерді шешу үшін мемлекет шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған шараларды қабылдап, көптеген әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды табысты іске асыруда.

Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдаудың негізгі қағидаларына келесілер жатады:

- Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттары;
- шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кешенділігі;
- шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының және шағын кәсіпкерліктің барлық субъектілері үшін іске асырылатын іс-шаралардың қолайлығы;

- кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттарына келесілер жатады:

- кәсіпкерлік субъектілері үшін кадрларды дайындауды, біліктілігін жоғарлату мен қайта даярлауды ұйымдастыру;

- мемлекеттік қаржылық, статистикалық, материалды-техникалық және ақпараттық, ғылыми-техникалық әзірлемелер мен технологияларды шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қолдануында жеңілдік жағдайларды қалыптастыру;

- шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу, олардың қызметін лицензиялауда жеңілдетілген реттілікті бекіту;

- өзіне салық салудың, кедендік баж салықтарын төлеудің жеңілдетілген режимдерін енгізетін шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін жағымды құқықтық режимді бекіту;

- шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен дамыту үшін шет елдікті қоса алғандағы инвестицияларды тарту және қолдану жүйесін құру;

- сауда, ғылыми-техникалық, өндірістік және басқа да шет елдік әріптестермен байланыстарды қоса алғандағы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің сыртқы экономикалық қызметін қолдау;

- қаржылық көздерді анықтай отырып шағын кәсіпкерлікті несиелендірудің арнайы бағдарламаларын қабылдау;

- өнімдер өндірісі мен жұмыстар, қызметтерді орындауға мемлекеттік сатып алуларды жүргізуде шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікті беру;

- Қазақстан Республикасы Үкіметіне қарасты шағын кәсіпкерлікті дамыту бойынша комиссия мен жергілікті атқарушы органдардың қызметін ұйымдастыру;

- мемлекеттік органдар шағын кәсіпкерлік субъектілері қызметін өздерінің құзырлығы шегінде тексеруді Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекіткен реттілікте жүргізеді.

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мен дамыту келесі жолмен іске асырылады:

1) қаржылық қолдау көрсету;

2) шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтары желілерін ұйымдастыру;

3) бизнес-инкубаторлар мен технопарктер қызметін ұйымдастыру;

4) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне сенімділік басқару немесе қолданылмайтын мемлекеттік меншік объектілерін бір жылдан астам мерзімге жалға беру;

5) жалға беріліген объектілерді шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қайтарымсыз негізде меншікке беру немесе өнеркәсіптік өндіріс бен тұрғындарға қызмет көрсетуді дамыту үшін объектілерді басқаруға беру.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылай қолдау көрсету келесі жолмен іске асырылады:

1) мемлекеттің қажеттіліктері үшін тауарлардың (жұмыстар, қызметтерді) кепілденген көлемін шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алу (олардың жыл сайынғы көлемі мен номенклатурасы ҚР Үкіметімен анықталады).

2) екінші деңгейлі банктер арқылы несиелендіруді ұйымдастыру;

3) экономика салаларындағы әлеуметтік маңызды жобаларды ұйымдастыру мен іске асыру үшін мемлекеттік гранттарды беру;

4) арнайы инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру;

5) бюджеттік қаражаттар есебінен қарыздарды ұсыну [3].

Әрине, шағын кәсіпкерлік саласындағы нақты нәтижелер әлі де болса, жетілдіруді қажет етеді. Біздің елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін оңтайлы жағдайларды құру үшін экономикалық және әкімшіліктік сипаттағы барлық іс-шаралар кешенін қолдану қажет.

Осы орайда, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде ең алғашқы «Кәсіпкерлік кодексі» күшіне енді. Бұл кодекстің қолданысқа енгізілуі Қазақстан Республикасының біршама заңнамаларының қажеттілігін айқындап, «Бәсекелістік туралы», «Жеке кәсіпкерлік туралы» және тағы басқа заңнамаларының күшін жоюмен сәйкес келді. Демек, қазіргі таңдағы елдің экономикасына түбегейлі өзгерістер енгізу мақсатында заңнаманың бір саласы екіншісінің орнына келіп отырғанын байқауға болады.

Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылдың 5 наурызындағы ҚР Парламенті Мәжілісі қабырғасында қос палатаның алдында жариялаған бес әлеуметтік бастамасының төртінші бастамасында шағын несие беруді көбейту туралы келесідей айтылған: «Өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз тұрғындардың арасында жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін атқарылып жатқан жұмыстардың аясында жеңілдетілген шағын несие беру неғұрлым тиімді тетік саналады [4]. 2017 жылы жалпы сомасы 32 миллиард теңге болатын 7200 шағын несие берілді. Алайда, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша білім алған тағы 5 мың адам өз ісін бастауға қажетті шағын несиелерді ала алмады. Сондықтан, 2018 жылы қосымша 20 миллиард теңге бөліп, шағын несиелердің жалпы сомасын 62 миллиард теңгеге жеткізуді тапсырамын. Нәтижесінде шағын несие алатындардың саны 2017 жылмен салыстырғанда 2 есеге артып, 14 мың адамға жететін болады. Бұл жұмысты одан кейінгі жылдарда да белсенді жалғастыру керек. Бастама мыңдаған адамға өз ісін ашуға мүмкіндік беретіндігімен маңызды. Бұл, әсіресе, ауыл-аймақтар үшін, ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту үшін айрықша маңызды екенін атап өткім келеді» деп атап өтті. Халықты жаппай кәсіпкерлік негіздеріне оқыту бойынша «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ҚР Үкіметінің қолдауымен «2017-2021 жылдарға нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында «Bastau Бизнес» жобасы кәсіпкерлікті ауылда дамытуға бағытталған және «Бизнес-Кеңесші» және «Бизнес-Өсім» жобалары бойынша «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылуда. Оқуды аяқтаған кәсіпкерлерге, өз-өзін қамтыған және жұмыссыз жүрген ауыл тұрғындарына «КазАгро» Ұлттық холдингінің «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» АҚ-нан, Агронесие корпорациясының несие серіктестіктері, микроқаржы ұйымдары мен екінші деңгейлі банктер арқылы 6% жеңілдікті несиелер алуына бизнес жоспарлар әзірленіп, қолдау көрсетіледі [5].

Кесте 1. 2018 жылғы 1 наурызға жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны^{1,2)}

| | Барлығы | Оның ішінде | | | | Барлығы, өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен |
|-----------------------------------|--------------|--|---|--------------------------|---|---|
| | | шағын кәсіпкер- ліктегі заңды тұлғалар | орта кәсіпкер- ліктегі заңды тұлғалар | дара кәсіпкер- лер | шаруа немесе фермер қожалықта- ры | |
| Қазақстан Республикасы | 1 162 522 | 215 017 | 2 630 | 756 562 | 188 313 | 102,9 |
| Ақмола | 42 147 | 6 642 | 111 | 31 227 | 4 167 | 102,0 |
| Ақтөбе | 51 468 | 9 331 | 96 | 36 938 | 5 103 | 105,1 |
| Алматы | 110 811 | 8 931 | 154 | 57 054 | 44 672 | 101,9 |
| Атырау | 43 843 | 6 219 | 108 | 35 230 | 2 286 | 104,4 |
| Батыс Қазақстан | 37 789 | 5 601 | 95 | 26 542 | 5 551 | 103,9 |
| Жамбыл | 59 521 | 5 424 | 47 | 37 896 | 16 154 | 99,2 |
| Қарағанды | 79 838 | 16 421 | 191 | 55 518 | 7 708 | 100,8 |
| Қостанай | 48 093 | 6 800 | 148 | 36 055 | 5 090 | 101,6 |
| Қызылорда | 38 137 | 4 911 | 63 | 28 075 | 5 088 | 108,0 |
| Маңғыстау | 47 902 | 7 631 | 84 | 38 457 | 1 730 | 104,9 |
| Оңтүстік Қазақстан | 179 552 | 17 163 | 166 | 93 266 | 68 957 | 103,6 |
| Павлодар | 41 796 | 8 718 | 107 | 29 762 | 3 209 | 101,8 |
| Солтүстік Қазақстан | 27 647 | 4 789 | 128 | 19 527 | 3 203 | 100,6 |
| Шығыс Қазақстан | 80 456 | 10 202 | 165 | 55 374 | 14 715 | 96,7 |
| Астана қаласы | 100 888 | 36 587 | 256 | 63 921 | 124 | 104,4 |
| Алматы қаласы | 172 634 | 59 647 | 711 | 111 720 | 556 | 106,1 |

¹⁾ 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес мемлекеттік статистика мақсаттары үшін орташа жылдық жұмыскерлер саны бойынша ғана шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жатқызу критерийін қолдануы ескеріледі.

²⁾ Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

2018 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) субъектілер саны өткен жылғы тиісті кезеңдегі сәйкес мерзіммен салыстырғанда 2,9%-ға өсті. ШОК субъектілерінің жалпы санында дара кәсіпкерлер үлесі 65,1%, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 18,5%, шаруа немесе фермер қожалықтары – 16,2%, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 0,2%-ды құрады [6].

Шағын және орта бизнесті дамыту үшін келесідей ұсыныстар жасауға болады:

- кәсіпкерлерге қолжетімді жеңілдікті несиелер, кепілдіктер мен субсидиялар беру;
- халықты жаппай кәсіпкерлік негіздеріне оқыту;
- лизинг жүйесін дамыту арқылы кәсіпкерлерді техникамен жабдықтау;
- ауыл шаруашылығымен айналысатын шағын және орта бизнестегі кәсіпкерлерге игерілмей қалған жерлерді беру және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге бөлінген қаржыларды қолжетімді ету және ауыл шаруашылығына жаңа технологияларды ендіру, лизинг пен экспорттық мүмкіншіліктерді дамыту арқылы еңбек өнімділігін арттыру және

ауылшаруашылығы кооперацияларын дамыту қажет;

- ауыз су, жол, газ бен электр энергиясымен ауылдық елді мекендерді қамтамасыз ету және өндірістік инфрақұрылымды дамыту;

- өңірдегі сыбайлас жемқорлық пен әкімшілік кедергілерді жою. Ол үшін мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру мен мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражаттардың мақсатты орындалуын қадағалау және оларды үнемдеу.

Аталған мәселелерді шешу азаматтарымыздың өмір сапасын жақсартуға көмектесіп, әрбір қазақстандыққа жол сілтеп, оның қолына «балық» емес, «қармақ» беретін қажетті жұмысты ұсыну арқылы кәсіпкерлікті дамытып, халықтың табысын көтеруіне септігін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі
2. 2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған Нұрсұлтан Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” атты Жолдауы
3. Жұлдызбаев Н.Е. «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мәселелері» / М.Әуезов оқулары, ОҚМУ, 2013 ж
4. Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылы 5 наурыздағы ҚР Парламенті Мәжілісі қабырғасында қос палатаның алдында жариялаған бес әлеуметтік бастамасы
5. «Кәсіпкерлікті дамытудың ұтымды 10 қадамы» // www.atameken.palata.kz.
6. «2018 жылғы 1 наурызға ШОК жұмыс істеп тұрған субъектілерінің саны» // www.stat.gov.kz.

УДК: 338.012

ВЛИЯНИЕ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ НА БУХГАЛТЕРСКИЙ УЧЕТ И АУДИТ

Жақайбекова Мадина Бауржановна

Zhakaibekova_madina@mail.ru

Студентка 1 курса экономического факультета,

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - Есенгельдинова Р.Ж.

В современных условиях как и все сегменты экономики профессия бухгалтера претерпела серьезные изменения, так как переход к рыночной экономике дал толчок к развитию новых технологий, которые были внедрены и в бухгалтерское дело. В условиях «цифровой экономики», «экономики знаний», возможности в работе бухгалтера и аудитора расширяются, при этом и растет круг необходимых этим специалистам новых компетенций. С каждым днем потребности работодателей обуславливаются необходимостью усиления ориентации подготовки бухгалтеров для решения актуальных задач учета, анализа и аудита. Бухгалтер работает с огромным количеством информации, которые для него, скажем так, жизненно необходимы. Абсолютное большинство работников бухгалтерии используют данные всемирной сети, чтобы более эффективно вести бухучет и узнавать то, что было неизвестно, в считанные минуты [1].

В последние годы наиболее важным стал вопрос использования передовых информационных технологий в различных сферах деятельности, в частности, и в бухгалтерском учете. На сегодняшний день бухучет ведет каждая организация, и перечень обязанностей бухгалтера чаще всего зависит от вида деятельности каждой конкретной фирмы. Бухгалтер имеет широкий круг обязанностей, в частности на его плечах лежит составление первичной документации, контроль за ее достоверностью, подготовка к счетной обработке, а также участие в разработке и осуществлении мероприятий, направленных на